

2013 жылы көрнекті мәдениет, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің мерейтойларын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 маусымдағы № 573 қаулысы

«Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі № 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Төле би Әлібекұлының туғанына 350 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

2) Абылай ханның туғанына 300 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

3) Қазақстанның халық суретшісі Әубәкір Исмайыловтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

4) ақын Қалижан Бекхожиннің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

5) КСРО халық әртісі Мұқан Төлебаевтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

5

маусымдағы

№

573

қаулысымен

бекітілген

Төле би Әлібекұлының туғанына 350 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	Төле би Әлібекұлының туғанына 350 жыл толуына орай іс-шаралар өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы II тоқсан	008 «Әлеуметтік-маңызды және мәдени іс-шараларды өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	11 000,0

2.	Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында «Төле би Өлібекұлы және ұлт тарихы» республикалық конференциясын өткізу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2013 жылғы маусым	Бюджеттен тыс қаражат	1 000,0
3.	Төле би Өлібекұлының туғанына 350 жыл толуына орай салтанатты жиын және концерт өткізу	Ж а м б ы л облысының әкімі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	30 000,0
4.	Жамбыл облысы Шу ауданында Төле би ескерткішін қалпына келтіру және саябақ ашу	Ж а м б ы л облысының әкімі	2013 жылғы III тоқсан	Бюджеттен тыс қаражат	10 000,0
5.	Республикалық ақындар айтысын өткізу	Ж а м б ы л облысының әкімі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	5 000,0
6.	Ақындардың поэзиялық шешендік өнерінің республикалық сайысын (мүшәйра) өткізу	Ж а м б ы л облысының әкімі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	2 000,0
7.	Жазушы-драматург Б. Әбілтаевтың «Төле би» драмасын облыстық казак драма театрында сахналау	Ж а м б ы л облысының әкімі	2013 жыл бойы	Жергілікті бюджет	3 000,0
8.	«Төле би және оның ұлағатты мұралары» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу	Ж а м б ы л облысының әкімі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	5 000,0
9.	Төле бидің туғанына 350 жыл толуына орай кітапханалар мен мұражайларда көрмелер өткізу және бұрыштар ашу	Ж а м б ы л облысының әкімі	2013 жыл бойы	Талап етілмейді	-
10.	Төле би Өлібекұлының туғанына 350 жыл толуына орай спорт ойындарынан жарыстар ұйымдастыру	Ж а м б ы л облысының әкімі	2013 жыл бойы	Жергілікті бюджет	2 597,0
11.	«Төле би – тура би, сөз сардары» тақырыбында республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізу	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі	2013 жылғы IV тоқсан	Жергілікті бюджет	3 000,0
12.	Төле би Өлібекұлының туғанына 350 жыл толуына орай салтанатты мәдени-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыру	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі	2013 жылғы IV тоқсан	Бюджеттен тыс қаражат	15 000,0
13.	Төле би Өлібекұлының шешендік өнерін дәріптеу мақсатында жастар арасында шешендік өнер шеберлерінің республикалық сайысын өткізу	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі	2013 жылғы IV тоқсан	Жергілікті бюджет	3 000,0
14.	Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің тарихи мұражайын ашу	Оңтүстік Қазақстан облысының әкім	2013 жылғы IV тоқсан	Жергілікті бюджет	500 000,0
	Республикалық және облыстық мәдениет ұйымдарында Төле бидің	Қазақстан Республикасы Мәдениет және			

15.	туғанына 350 жыл толуы мерейтойына арналған тақырыптық және әдеби-музыкалық кештер, кітап көрмелерін, сынып сағаттарын , дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу	ақпарат министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2013 жыл бойы	Талап етілмейді	-
16.	«Қаз дауысты Қазыбек би» спектаклін қою	Қарағанды облысының әкімі	2013 жыл бойы	Жергілікті бюджет	1 500,0
17.	Төле бидің туғанына 350 жыл толуына орай конференция өткізу	Ақмола облысының әкімі	2013 жыл бойы	Жергілікті бюджет	800,0
18.	Мерейтойлық іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жыл бойы	Талап етілмейді	-
	ЖИЫНЫ:			Республикалық бюджет Жергілікті бюджет Бюджеттен тыс қаражат	11 000,5 555 897,0 26 000,0

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

5

м а у с ы м д а ғ ы

№ 5 7 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Абылай ханның туғанына 300 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференция өткізу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2013 жылғы II тоқсан	Бюджеттен тыс қаражат	4 000,0
2.	Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына арналған іс-шараларды өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы III тоқсан	0 0 8 «Әлеуметтік-маңызды және мәдени іс-шараларды өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	18 000,0
3.	Тарихшылардың «Абылай хан – қазақ елінің тәуелсіздігі мен бірлігінің символы» ғылыми-практикалық конференциясын өткізу	Ақмола облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	6 873,0

4.	«Абылай хан» энциклопедиясын шығару	Ақмола облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	11 350,0
5.	«Абылай ханның қасында Бұқарекен жырлайды» театрландырылған музыкалық кешін ұйымдастыру	Павлодар облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	900,0
6.	Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс пен өнер шеберлерінің концертін өткізу	Алматы қаласының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	3 000,0
7.	«Абылай хан және оның дәуірі» кітап көрмесін ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы III тоқсан	Талап етілмейді	-
8.	Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына орай «Тәуелсіздіктің ұлы рухы» өңірлік театр фестивалін өткізу	Ақмола облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Бюджеттен тыс каражат	16 873,0
9.	Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына арналған ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу	Ақмола облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Бюджеттен тыс каражат	50 824,0
10.	«Елдік пен ерліктің мәңгілікті ғұмыры» қазақ халық аспаптар ансамблі мен оркестрлерінің республикалық фестивалін өткізу. Өнер шеберлері мен көркемөнерпаз халық шығармашылығы ұжымдарының гала-концерті	Ақмола облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Бюджеттен тыс каражат	29 321,0
11.	«Азат рухтың Абылай ханы» салтанатты театрландырылған мереке	Ақмола облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Бюджеттен тыс каражат	160 854,0
12.	Кәдесый өнімдерін жасау	Ақмола облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Бюджеттен тыс каражат	10 076,0
13.	С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрында «Жас Абылай» спектаклін қою	Қарағанды облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	1 500,0
14.	«Қазақ елі егемендік жаршысы хан Абылай» тақырыбындағы облыстық конференциясын өткізу	Ақтөбе облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	150,0
15.	Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына арналған ұлттық спорт ойындарын өткізу	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	1 000,0
16.	С. Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ музыкалық-драма театрында «Абылай хан» спектаклін қою	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	1 900,0
17.	«Абылай хан және оның дәуірі» монографиясын шығару	Ақмола облысының әкімдігі	2013 жылғы IV тоқсан	Бюджеттен тыс каражат	1 500,0
18.	Астана қаласында Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу	Астана қаласының әкімдігі	2013 жылғы IV тоқсан	Жергілікті бюджет	1 500,0

19.	Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына арналған облыстық ақындар айтысы	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	2013 жылғы IV тоқсан	Жергілікті бюджет	500,0
20.	Республикалық, облыстық және аудандық кітапханаларда Абылай ханның өмірі мен қызметіне арналған кітап көрмелерін, әдеби кештер мен оқырман конференцияларын, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2013 жыл бойы	Қаржыландыру талап етілмейді	-
21.	Мерейтойлық іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2013 жыл бойы	Талап етілмейді	-
	ЖИЫНЫ:			Республикалық бюджет Жергілікті бюджет Бюджеттен тыс қаражат	18 000,0 28 673,0 273 448,0

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

5

м а у с ы м д а ғ ы

№ 5 7 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстанның халық суретшісі Әубәкір Исмайыловтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында Қазақстанның халық суретшісі Ә. Исмайыловтың туғанына 100 жыл толуына орай көрме өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы I жартыжылдық	Талап етілмейді	-
2.	Қазақстанның халық суретшісі Ә. Исмайыловтың туғанына 100 жыл толуына орай көрме өткізу	Қарағанды облысының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	-

3.	Қазақстанның халық суретшісі Ә. Исмайыловтың шығармашылығына арналған дөңгелек үстел ұйымдастыру	Қарағанды облысының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	-
4.	Қазақстанның халық суретшісі Ә. Исмайыловтың туғанына 100 жыл толуына орай дөңгелек үстел өткізу	Қазақстанның Суретшілер одағы (келісім бойынша)	2013 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	-
5.	Мақалалар шығару, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында Қазақстанның халық суретшісі Ә.Исмайыловтың шығармашылығына арналған дәрістер өткізу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2013 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	-
6.	Ә. Исмайыловтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты іс-шара өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы II жартыжылдық	008 «Әлеуметтік-маңызды және мәдени іс-шараларды өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	5 000,0
7.	«Әубәкір Исмайыловтың картиналарындағы Дешті-Қыпшақтардың мифологиялық кеңістігі» кітап-альбомын шығару	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы IV тоқсан	018 «Әлеуметтік маңызы бар әдебиет түрлерін басып шығару» республикалық бюджеттік бағдарламасы	6 900,0
8.	Ә. Исмайылов туралы деректі фильм шығару	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жыл бойы	021 «Мемлекеттік ақпараттық саясатты өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	5 400,0
9.	Облыстық мәдениет ұйымдарында Қазақстанның халық суретшісі Ә. Исмайыловтың туғанына 100 жыл толуына арналған көрмелер өткізу	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2013 жыл бойы	Талап етілмейді	-
10.	Мерейтойлық іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жыл бойы	Талап етілмейді	-
	ЖИЫНЫ:			Республикалық бюджет	17 300,0 -

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

5

м а у с ы м д а ғ ы

№

5 7 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ақын Қалижан Бекхожиннің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	«Қалижан Бекхожин поэмаларының поэтикасы» таңдамалы шығармалар жинағын басып шығару	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы IV тоқсан	018 «Әлеуметтік маңызы бар әдебиет түрлерін басып шығару» республикалық бюджеттік бағдарламасы	1 870,0
2.	Қалижан Бекхожиннің туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы IV тоқсан	008 «Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	10 000,0
3.	Салтанатты жиналыс және Қазақстанның өнер шеберлерінің концертін өткізу	Алматы облысының әкімдігі	2013 жылғы IV тоқсан	Жергілікті бюджет	3 000,0
4.	Ақын Қалижан Бекхожиннің туғанына 100 жыл толуына орай «Жырдың гүлін терген акын» мерейтойлық кешін өткізу	Павлодар облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	1 200,0
5.	Павлодар қаласында Қалижан Бекхожиннің ескерткішін орнату	Павлодар облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	60 253,0
6.	Ақын Қалижан Бекхожиннің туғанына 100-жыл толуына орай облыстық көркемсөз оқу шеберлерінің конкурсын өткізу	Павлодар облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	1 000,0
7.	Баянауыл жерінде ақын Қалижан Бекхожиннің туғанына 100 жыл толуына орай «Қазақ поэзиясының қабырғалы қаламгері» мерейтойлық еске алу кеші	Павлодар облысының әкімдігі	2013 жылғы III тоқсан	Талап етілмейді	-
8.	«Қалижан Бекхожиннің шығармалары және қазіргі қазақ поэзиясы» ғылыми-практикалық конференциясы	Павлодар облысының әкімдігі	2013 жылғы IV тоқсан	Бюджеттен тыс қаражат	2 940,0
9.	«Өлеңімен шежіре өрнектеген» кітап көрмесін өткізу	Павлодар облысының әкімдігі	2013 жылғы IV тоқсан	Талап етілмейді	-

Жиыны:		Республикалық бюджет	11 870,0
		Жергілікті бюджет	65 453,0
		Бюджеттен тыс қаражат	2 940,0

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2013

ж ы л ғ ы

5

м а у с ы м д а ғ ы

№

573

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

КСРО халық әртісі Мұқан Төлебаевтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында М. Төлебаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған фестиваль өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	-
2.	Салтанатты жиналыс пен өнер шеберлерінің концертін өткізу	Алматы қаласының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	Жергілікті бюджет	3 000,0
3.	М.Төлебаев атындағы ауылда композитордың туғанына 100 жыл толуына орай «Мұқанның мұрасы» ғылыми-практикалық конференциясын өткізу	Алматы облысының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	Жергілікті бюджет	17 000,0
4.	М. Төлебаевтың өмірі мен шығармашылық жолы туралы кітаптар сериясын шығару	Алматы облысының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	Жергілікті бюджет	10 197,0
5.	Мұқан Төлебаевтың туғанына 100 жыл толуына орай халықаралық және республикалық сайыстар өткізу	Алматы облысының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	Жергілікті бюджет	6 675,0
6.	«Біржанның інілері – Сараның сіңлілері» республикалық айтыс өткізу	Алматы облысының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	Жергілікті бюджет	1 500,0
7.	М. Төлебаев атындағы ауылда Мұқан Төлебаевтың кеуде мүсінін (бюст) орнату	Алматы облысының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	Жергілікті бюджет	17 000,0

8.	Талдықорған қаласында М. Төлебаевтың ескерткішін орнату	Алматы облысының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	Жергілікті бюджет	47 000,0
9.	Қазақстан Республикасының Композиторлар одағының «М. Төлебаев және бүгінгі қазақ музыкасы» бағдарламасы аясында Жетісу ән мектебінің концертін ұйымдастыру	Алматы облысының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	Талап етілмейді	-
10.	М. Төлебаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты іс-шараны өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы III тоқсан	008 «Әлеуметтік маңызды және мәдени шараларды өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	10 000,0
11.	Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсының жаңартылған қойылымының премьерасы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы III тоқсан	009 «Театр-концерт ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» республикалық бюджеттік бағдарламасы	10 210,0
12.	Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында М. Төлебаевтың фотомұрағатынан көрме ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жылғы III тоқсан	Талап етілмейді	-
13.	Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының, Қ. Байсейітов атындағы саз колледжі және І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті әншілерінің қатысуымен «М. Төлебаев қазақ романсы мен хор жанрының негізін қалаушы» концертін өткізу	Алматы облысының әкімдігі	2013 жылғы IV тоқсан	Талап етілмейді	-
14.	«Мұқан Төлебаев» кітап-альбомын басып шығару (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде)	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жыл бойы	018 «Әлеуметтік маңызы бар әдебиет түрлерін басып шығару» республикалық бюджеттік бағдарламасы	5 060,0
15.	«Мукан Тулебаев» монографиясын басып шығару (орыс тілінде)	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жыл бойы	018 «Әлеуметтік маңызы бар әдебиет түрлерін басып шығару» республикалық бюджеттік бағдарламасы	2 640,0
16.	Республикалық кітапханаларда М. Төлебаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған кітап көрмелерін ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2013 жыл бойы	Талап етілмейді	-
	М. Төлебаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған іс-шаралар кешенін өткізу:				

17.	конкурстар, фестивальдер, дәріс-концерттер, М.Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрінің гастрольдері, кітап көрмесі, мектептердегі сынып сағаттары, оқырмандар конференциясы, кітап тұсаукесерлері, композиторлардың форумдары, әдеби-сазды кештер, суретшілердің көрмесі, спорттық сайыстар, сондай-ақ Алматы облысының қалалар мен аудандарының Мәдениет күндері аясында концерттер мен театрландырылған қойылымдар	Алматы облыстық әкімдігі	2013 жыл	Талап етілмейді	-
	ЖИЫНЫ:			Республикалық бюджет Жергілікті бюджет	27 910,0 102 372,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК